

## Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жасау жөнінде кеңес құру туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 1406 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 152 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.02.2014 № 152 қаулысымен.**

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2010

жылғы

23

желтоқсандары

№

1406

қаулысымен

бекітілген

## Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты мемлекеттік органдармен бірлесіп Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ) бағдарламалары мен бастамаларын тиімді үйлестіруді және Қазақстан Республикасының осы ұйымға кіру үдерісін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,

зандарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, езге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. ЭЫДҰ кеңесінің негізгі міндеттері мен құқықтары

4. ЭЫДҰ кеңесінің негізгі міндеттері:

- 1) ЭЫДҰ бастамалары мен бағдарламаларын үйлестіру;
- 2) Мемлекеттік органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының ЭЫДҰ-ға кіру үдерісін қамтамасыз ету;
- 3) ЭЫДҰ стандарттары мен ұсынымдарын енгізуге жәрдемдесу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.06 № 486

**Қ а у л ы с ы м е н .**

5. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін өз құзыretі шегінде:

- 1) ЭЫДҰ шеңберінде жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардан Кеңестің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат сұрауға және алуға құқылы.

## 3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

6. Кеңесті төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқарады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын Кеңес төрағасының орынбасары орындаиды.

7. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.07.2013 N 696  
**қ а у л ы с ы м е н .**

8. Кеңестің жұмыс органды:

- 1) Кеңес отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Кеңес мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысъын үйлестіреді.

9. Жұмысты ұйымдастыруды, Кеңес отырыстарын өткізуға дайындықты, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды және Кеңестің отырыстарынан кейін хаттаманы ресімдеуді Кеңес хатшысы жүзеге асырады.

Хатшы Кеңестің мүшесі болып табылмайды.

10. Кеңес отырыстарында каралатым мәселелердің тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады.

11. Кеңес отырыстарының материалдары Кеңес мүшелеріне Кеңестің отырысына дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

12. Кеңес отырыстарының нәтижелері бойынша барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыс арқылы қабылданады және егер оған Кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

13. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатқа ие.

14. Кеңестің отырыстары тоқсан сайын кемінде бір рет өткізіледі және егер оларға оның мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, заңды болып саналады. шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайда, төрағаның шақыруымен Кеңестің кезектен тыс отырысы өткізуі мүмкін.

#### **4. Кеңестің қызметін тоқтату**

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі Кеңестің қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 1406 қаулысымен  
құрылды

**Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің құрамы**

**Ескеरту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.07.2013 N 696 қаулысымен.**

Орынбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға  
Ербол Тұрмаханұлы  
Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі,  
Марат Әпсеметұлы  
Байтенов  
Алмас Нұрланұлы  
комитеті) - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің

	Инвестициялық саясат департаменті
директорының орынбасары, хатшы	
Оспанов	- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің
Мұрат Мағауияұлы	
төрағасы	
Смайлов	- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы
Әлихан Асханұлы	
Ақышев	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Данияр Талғатұлы	
Жошыбаев	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары
Рәпіл Сейітханұлы	
Громов	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Сергей Николаевич	
Бекетаев	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы
Марат Бақытжанұлы	
Әбенов	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Мұрат Абдуламитұлы	
Ахметов	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Серік Әбжәлиұлы	
Бектұров	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Азат Габбасұлы	
Дәленов	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі (ЭҮДҰ-ның Салық саясаты және салықтық әкімшілендіру орталығы)
Руслан Ерболатұлы	
Жұманғарин	- Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі (ЭҮДҰ-ның Аумақтық даму, индустрия, инновация және кәсіпкерлік комитеті)
Серік Мақашұлы	
Ысқақов	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Мәрлен Нұрахметұлы	
Қырықбаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
Арман Оразбайұлы	
Смайлов	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Жанболат Аманкелдіұлы	
Толыбаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі (ЭҮДҰ-ның
Марат Еркінұлы	
Aуыл шаруашылығы комитеті)	

Төкежанов	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі (ЭЫДҰ-ның Денсаулық комитеті)
Болат Тұрғанұлы	
Тұрғынбаев	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Ерлан Заманбекұлы	
Лукин	- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыйайлар жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының бірінші орынбасары
Андрей Иванович	
	(келісім бойынша)
Есентаев	- Қазақстан Республикасы Спорт және
Тастанбек Құтжанұлы	дene шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары
Көмекбаев	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет
Әли Амантайұлы	істері агенттігі төрағасының орынбасары (ЭЫДҰ-ның Мемлекеттік басқару комитеті)
	(келісім бойынша)
Мәтішев	- Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының орынбасары
Әлиақпар Болатұлы	(Монополияға қарсы агенттік)
Ертілесова	- «Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік қоғамы
Жаннат Жұргалиқызы	Директорлар кеңесінің төрайымы, Қазақстан Республикасы Премьер-Минistrінің штаттан тыс кеңесшісі
	(келісім бойынша)
Ежов	- «Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік
Владислав Николаевич	қоғамының басқарма төрағасы
	(келісім бойынша)